

Ұлттық теңіз тасымалдаушысы туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 25 қарашадағы № 814 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 1 наурызда № 14854 болып тіркелді.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 4-1-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық теңіз тасымалдаушысы туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
 - 3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;
 - 4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
 - 5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов
2017 жылғы 31 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2016 жылғы 25 қарашадағы
№ 814 бұйрығымен
бекітілген

Ұлттық теңіз тасымалдаушысы туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық теңіз тасымалдаушысы туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 4-1-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Ұлттық теңіз тасымалдаушысы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңын және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2-тарау. Ұлттық теңіз тасымалдаушысының міндеттері мен функциялары

3. Ұлттық теңіз тасымалдаушысының қызметі сауда флотын дамытуға бағытталған.

4. Ұлттық теңіз тасымалдаушысының негізгі міндеттері:

1) жолаушыларды, багажды, пошта жөнелтімдерін және жүктерді, оның ішінде ізгілік жүгін, арнайы жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетеді;

2) теңіз флоты үшін кадрларды оқытуға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) сауда мақсатында теңізде жүзу саласында халықаралық шарттарды іске асыруға қатысады.

3-тарау. Қызметін ұйымдастыру

5. Ұлттық теңіз тасымалдаушысы өз қызметін осы Қағидаға сәйкес ұйымдастырады.

6. Ұлттық теңіз тасымалдаушысын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.